



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2020 жылғы 11 желтоқсаны

№ 575

Ақтөбе қаласы

город Актөбе

**Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 11 желтоқсандағы №473
«2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы»
шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 11 желтоқсандағы №473 «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6565 тіркелген 2019 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жана редакцияда мазмұндалсын:

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 223 878 270,9 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 27 877 326,6 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 2 893 562 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 155 500 мың теңге;

трансферттер түсімі – 192 951 882,3 мың теңге;

2) шығындар – 232 433 663,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 29 442 901,5 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 40 750 870,7 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 307 969,2 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 37 998 293,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 37 998 293,9 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 46 034 895 мың теңге;
 қарыздарды өтеу – 10 052 707,1 мың теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 016 106 мың теңге.»;

8-тармақ:

5-5) және 29-1) мазмұндағы тармақшалармен толықтырылсын:

«5-5) COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына байланысты қызмет атқарудың ерекше режимі кезеңіндегі жұмысы үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы төлеуге;»;

«29-1) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;»;

4), 5-1) және 16)-тармақшалары алынып тасталсын;

11-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«11. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2020 жылға арналған резерві 764 965,4 мың теңге сомасында бекітілсін.».

2. Көрсетілген шешімдегі 1 және 2-қосымшалар осы шешімдегі 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
 сессия төрағасы
 Облыстық мәслихаттың
 хатшысы**

А. Айтжанов

С. Калдыгулова

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/каласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 11.12.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 7781 болып енгізілді

Результаты согласования

Актюбинский областной маслихат - Председатель сессии областного маслихата Асхат Абдрахманович Айтжанов, 11.12.2020 18:08:38, положительный результат проверки ЭЦП

Актюбинский областной маслихат - Секретарь областного маслихата Сания Мусаевна Калдыгулова, 11.12.2020 18:09:20, положительный результат проверки ЭЦП

Актюбинский областной маслихат - Председатель сессии областного маслихата Асхат Абдрахманович Айтжанов, 11.12.2020 18:09:59, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента юстиции Актюбинской области Бекбулат Жуматаевич Колумбаев, 11.12.2020 18:25:47, положительный результат проверки ЭЦП